

**Алға аудандық мәслихатының 2020 жылғы 8 қаңтардағы № 336 "2020-2022 жылдарға арналған Қарағаш ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Алға аудандық мәслихатының 2020 жылғы 11 қыркүйектегі № 413 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 18 қыркүйекте № 7425 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 26 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Алға аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Алға аудандық мәслихатының 2020 жылғы 8 қаңтардағы № 336 "2020-2022 жылдарға арналған Қарағаш ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6764 тіркелген, 2020 жылғы 27 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгеріс енгізілсін:

3 тармақ келесі жаңа редакцияда жазылсын:

"3. 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап:

1) жалақының ең төменгі мөлшері – 42 500 теңге;

2) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш - 2 651 теңге;

3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы - 31 183 теңге;

2020 жылғы 1 сәуірден бастап:

1) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш - 2 778 теңге;

2) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы - 32 668 теңге болып белгіленгені ескерілсін және басшылыққа алынсын."

2. "Алға аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жарияланғаннан кейін Алға аудандық мәслихатының интернет - ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Алға аудандық  
мәслихат сессиясының төрағасы*

*Р. Еркусимова*

*Алға аудандық  
мәслихатының хатшысы*

*Б. Жумабаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК